

ӘОЖ 378.147.004.853

## **ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРНЕТ ҚҰРАЛДАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ**

**Баидилдаева Назерке Болатқызы**  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,  
филология факультетінің 1 курс магистранты  
[Erke\\_94\\_naz@bk.ru](mailto:Erke_94_naz@bk.ru)  
Ғылыми жетекшісі - Нуркенова С.С.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Шет тілдерін үйрену, әсіресе ағылшын тілі қазіргі заманның қажеттілігі» деп, ағылшын тілінің бүгінгі күнгі маңыздылығын айқын көрсеткен еді. ХХІ ғасыр мол мүмкіндіктерге толы кезең. Ғылым мен білім, техника мен жаңа технологиялардың мүмкіндігі жоғарылаған сайын, қоғамның бізге қояр талабы да артып жатқаны жасырын емес. Себебі, алдыңғы қатарлы елдердің тізімінде тұру – бәсекеге қабілетті қоғам құруды талап етеді. Елбасымыз кезекті бір баяндамасында «Біз күдіктенбейтін жаңа білім, даму жүйесінің басты бағыттарының айқындалуы ХХІ ғасырға білім ғасыры деген анықтама беруге мүмкіндік береді» деген болатын. Біз өмір сүріп отырған ғаламат технологиялар уақыты - білектінің емес, білімдінің тасы өрге домалап, жұлдызы биіктейтінін айтпай дәлелдеп отыр.

Мемлекетіміздегі маңызды бағыттардың бірі - заман талабына сай бәсекеге қабілетті, бірнеше тіл білетін білікті мамандар даярлау. «Қанша елдің тілін білсең, сонша түрлі ілім білесің» немесе «Қанша тіл білсең, сонша адамсың» деген секілді даналық ойлар бар. Әрине, дәл бүгінгі заман осы ойдың дәлелі. Себебі, сағат сайын жаңалық ашылып жатқан дамыған заманда техника тілінің өзі бір тіл білуді құптамайды. Тіл білген сайын бәсекеге қабілеттілігің артып, өз салаңда үздіктер қатарынан көрінуге мүмкіндігің артады. Бұл бір ғана себеп. Әлемнің екінші ұстазы болған Әл Фараби бабамыздың өзі жетпіске жуық тіл білген деген дерек бар. Сұранысқа ие маман болудың бір сыры да көп тілді болуда жатыр десек артық емес.

Қазіргі кезде жаңа ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдар тек ғылыми зерттеулер мен әр түрлі әлеуметтік, экономикалық және саяси процестерді басқаруда ғана емес, білім жүйесінде де кең қолданыла бастады. Ақпараттық технологиялар мен компьютерлік желілерді пайдалану арқылы жүргізілетін оқытудың жаңа формаларының ауқымы кеңейіп келеді. «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қазіргі оқыту жүйесінде кеңінен пайдалану кезеңінде білім мекемелері негізінде білікті мамандардан, ақпараттық құралдар кешенінен, құжаттар айналымынан, мәліметтер базасынан және басқа да ақпараттық қамтамасыз ету элементтерінен тұратын біртұтас жүйе құру қажеттілігі туындайды. Осындай жүйе құру кезінде, бір жағынан, ол уақыт барысында тұрақты өзгеріп отыратын объект екенін, екінші жағынан, мұндай жүйе білім мекемесінің

барлық жұмыс түрлерін (оқу үрдісі, басқару, ғылыми, зерттеу) сүйемелдеуді қамтамасыз ете алатынын есепке алып отыру керек» [1].

Жоғары оқу орындарында шет тілдерін меңгеру сапасы жоғары. Сонымен қатар жоғары оқу орындарының студенттеріне шет елдік университеттерде білім алып, тәжірибе алмасып, әлемдік деңгейдегі білікті шет елдік профессорлардың дәрісін тыңдау мүмкіндігі жасалып отыр. Бұл университеттің студенттерге керемет мүмкіндіктер алаңын ашуы деп ойлаймын. Осыған орай шет тілін оқытушы ұстаздар оқыту процесінде қандай тиімді әдістерді қолданады деген сұрақ туындайды. Жоғары нәтиже болу үшін сапалы жұмыс жасалуы қашанда маңызды. Мәселен, оқыту процесінде аудио-видео материалдар қолдану, электронды почта арқылы шет елдік студенттермен немесе оқытушылармен хат алмасу, арнайы тақырыпты жобалар дайындау, шет ел авторларының шығармаларымен танысу, сабақ тақырыбына сай ақпарат көздерімен танысу, шет тілінде жазылған түрлі ғылыми жұмыстармен танысу және электронды сөздіктер қолданып, арнайы тест тапсырмаларымен жұмыс жасауды айтсақ болады. Аталған әдістер сабақ процесінде ағылшын тілін игерудің негізгі жолдары. Сонымен бірге жалпы шет тілін игеруде студенттің өзіндік жұмыс жасауын да есепке алуға болады. Ол арнайы жазба жұмыстары, сөздіктермен жұмыс, үйренген білімді практикада пайдалана білу деген секілді қарапайым жолдар. Сондай ақ шет тіліндегі әдебиеттерді оқуда жаңа тілді меңгеруде қолдануға болатын көмекші құрал. Оқытушы мен студент арасындағы жұмыстардың нәтижесі ғылыми конференциялар, зерттеу жұмыстары, шет тілінде диплом немесе диссертация жұмысын қорғауда көрініп жатады.

Шет тілін оқыту үшін университет жасап отырған мүмкіндіктер мен өз тәжірибемді жоғарыда атап көрсеттім. Ал оған қоса шет тілін меңгерудің заманауи тиімді жолдарына алып қосарым бар. Заманына қарай, адамы. Демек бүгінде интернет жүйесін қолданбайтын немес қолжетімсіз деп санайтын адам кемде-кем. Бұл жақсы әрине. Ал сол интернет көзін пайдалану қаншалықты тиімді жүзеге асып жатыр. Мәселен, интернетті білім беруде қолдануды төмендегі байланыс құралдары арқылы жүзеге асыру жолдарын да тиімді әдістер қатарына жатқызуға болады.

- сайттар;
- видеоконференциялар;
- оқу-телекоммуникациялық жобалар.

Сондай-ақ, Телекоммуникациялық құралдарға келесілерді жатқызамыз:

- электронды пошта;
- Chat — бір арнайы уақыт бойынша сөйлесу;
- Web-сервис; Web- конференция;
- мобильдік Интернет;
- Интернет-дүкен.

Осылайша, жаңа ақпараттық технологияларды және интернет жүйесі ресурстарын қолданып, сондай-ақ оларды оқу үрдісіне кірістіре отырып, ағылшын тілі сабақтарында дидактикалық міндеттердің бірқатарын тиімді шешуге болады, яғни: студенттердің бірі немесе оқытушы ұсынатын проблемалық талқылау негізінде монологтық және диалогтық сөйлеу біліктілігін жетілдіру;

- Интернет желісіндегі түпнұсқалық аудиомәтіндер негізінде студенттердің тыңдап түсіну дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру;
- түпнұсқа материалдарды жүйелі түрде қолдану негізінде студенттердің шет тілінде
  - сөйлеу әрекеттерінің тұрақты мотивациясын қалыптастыру; тек қана оқулықтардағы мәтіндерге байланысты мәселелерді талқылап қоймай, басқа да кез келген адамды қызықтыратын өзекті мәселелерді талдау;
  - тілі оқытылып жатқан елдің дәстүрлі, мәдени ерекшеліктерін, қарым-қатынас шарттарында әр түрлі халықтардың тілдік мінез-құлқы ерекшеліктерін, тілдік этикеттен тұратын мәдени-танымдық білімімен таныстыру [2].

Профессор, педагог Е.С.Полат «Қандай да болмасын оқыту құралы, ақпараттық – тақырыптық ортаның қандай да қасиеттерге ие болғанына қарамастан дидактикалық

мәселелер, білім берудің нақты мақсаттарымен шартталған танымдық қызметтің ерекшеліктері бірінші кезекте болып табылады» – деп көрсетті. Білікті маманның бұл пікірі ғаламтордың барлық мүмкіндіктері және қорларымен қоса, осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудың құралы екенін айқындап тұр.

Шет тілін интернет құралдары арқылы оқыту процесінде қолданылатын әдіс тәсілдер жетерлік. Тек тіл игеру барысында оқыту процесімен қатар студенттің қызығушылығы, өзімен жұмыс жасауы және игерген білімін практика жүзінде қолдана алуы басты орында. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстандағы тілдердің үш тұғырлылығы туралы ойды алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясында айтқан 2014 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында Елбасы «Тілдердің үш тұғырлылығы» - «Триединство языков» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды ұсынды. Тілдердің үш тұғырлылығы идеясында Елбасы оған нақты анықтамасын берген, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі [3]. Ел ертеңі болар жастар үшін тіл білудің маңыздылығы қаншалықты маңызды екенін мемлекет басшысы атап көрсетті.

Дамыған заман, бәсекеге қабілетті қоғам үшін шет тілін оқытудың ең тиімді жолы – интернет құралдарын пайдалана отырып, заманауи әдіс-тәсілдер мүмкіндігін қолдану. Бұл әрі қожетімді, әрі тиімді әдістің бірі. Жоғарыда айтып өткеніміздей интернеттің бізге берер мүмкіндігі жоғары және ұсынар әдістері де қолайлы. Әр тілді білген сайын әр халықтың әдебиеті мен мәдениетіне, тұрмысына, өмір сүру салтына деген қызығушылық артады. Үйренушіге берілетін ең үлкен мотивацияның бірі осы тұстан басталады. Өз тілің бірлік үшін, өзге тірлік үшін деген аталы сөз бар. Тілді үйренуде қай әдісті қолдансаң да, бастысы нәтиже. Сапалы білім - өзіңді дамыту ғана емес бәсекеге қабілетті маман болудың кепілі.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Данкин А.А. Проектирование информационной инфраструктуры вуза // Педагогическая информатика.- 2001. №2. С.35-40.
2. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие / Под. ред. Е.С.Полат. -М., 2002. С. 271–275.
3. Атажанова З. М., Нурмаганбетова Л., Ережеп Т. Шетел тілін үйрену – жас ұрпақтың бүгінгі күнгі ең басты қажеттілігі // Молодой ученый. - 2015. №6.2. С. 63-64.